

## Жер ресурстарының пайдаланылуын талдау

Андыбаева Г.Т., э.ғ.к., доцент  
Тілеубергенова Ж., э.ғ.м., оқытушы

Жер қоры-бұл мақсаттық бағытына байланыссыз шаруашылықтың шекарасында орналасқан, құқықтық тәртіппен ерекшеленетін жер ауданы.

Қазақстан Республикасы шекарасы аймағында жер жиынтығын жер қоры құрайды. ҚР жер кодексінің 1-ші бабына сәйкес Қазақстан Республикасы жер қоры мақсаттық бағытына қарай келесі категорияларға бөлінеді:

- 1) ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер;
- 2) тұрғылықты бөлімшелер жерлері (қалалар, ауылдар және ауылдық тұрғылықты бөлімшелер);
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, космостық қызмет, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және басқа да ауылшаруашылық емес мақсаттағы қажеттіліктер үшін;
- 4) ерекше күзетілетін табиғи аймақтар, сауықтыру, рекреациондық және тарихи-мәдениеттік мақсаттағы жерлер;
- 5) орман қоры жерлері;
- 6) су қоры жерлері;
- 7) запастағы жерлер.

Заң жағынан қарастырсақ жер негізгі екі аспектіде көрінеді: экономикалық және экологиялық.

Жердің экономикалық маңызы оның адамның өмір сүруінің қажетті шарты, еңбек үдерісінің заттық факторы, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің негізгі құралы, сонымен бірге экономиканың барлық салалары, қалаларды орналастырудың, оларды дамытудың кеңістік-аумақтық қоры болып табылатындығында.

Жердің экологиялық маңызы оның адамзат қоғамының өмір сүруі мен ұдайы өндірісінің негізі, биосфераның негізгі звеносы ретінде екендігінде.

Жер ресурстарының пайдаланылуын талдау жерді есепке алу бойынша құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Оларға мыналар жатады:

1. «Мемлекеттік жер кадастры». Ол жердің құқықтық тәртібі туралы қажетті деректер мен құжаттар жүйесін, олардың меншік иелерінен бөлінуі, сонымен бірге жер өнімдері сапалық сипаттамалары мен құндылықтары туралы жүйені құрайды. Мемлекеттік жер кадастрі деректері кәсіпорынның шаруашылық қызметін жоспарлау кезінде және талдауда міндетті түрде қолданылады.

2. «Жерді пайдалану құқығына мемлекеттік акт», онда ауданы мен сыртқы шекара жоспары көрсетіледі.

3. Жер-кадастрлік кітап, онда шабындықты пайдалану, тыңайтқыштарды, себу мерзімі, агротехникалық шараларды орындау, алынған астық кірістілігін есепке алу жүргізіледі;

4. Жердің біртұтас мемлекеттік реестрі

5. Жер-кадастрлік картасы;

6. Шаруашылықтың бизнес-жоспары, онда жер қорын жақсарту бойынша жоспарланған шаралар көрсетіледі.

Талдау объектілері болып табылады:

- тұтас ауылшаруашылығы өнімдері және түрлерінің мөлшері (жайылым, сенокостар және т.б.);
- ауылшаруашылығы өнімдері құрылымы;

- жер қорын пайдалану тиімділігі.

Талдаудың негізгі міндеттері:

- жер қорының құрамы мен құрылымын зерделеу;
- жер пайдаланылуында бұзушылықтарды анықтау мен ауылшаруашылығы өнімдерін кеңейту және жақсарту резервтерін қарастыру;
- жерді пайдалану тиімділігін бағалау және оны жоғарлатуға бағытталған шараларды өңдеу.

Талдау үдерісінде шаруашылықтың жерді пайдалануында болып жатқан өзгерістердің себептерін терең зерделеу және резервтерді іздеу, ауданды кеңейту мен ауылшаруашылығы өнімдерін жақсарту мақсатында жерді пайдалануды жақсарту бойынша шаралар жоспарының орындалуына талдау жасау қажет. Жерді жақсарту мүмкіндігі мамандардың қатысуымен сол жерде анықталады, онда түпкілікті және үстіртін сипаттағы мәдени-техникалық жұмыстар жүргізілетін аудан анықталады.

Жер қорын пайдалануды талдау кезінде жер өнімдері мөлшеріндегі өзгерістерді зерделеп, егістік ауданын, шаруашылықтағы жақсартылған сенокос және жайылымдарды кеңейту мүмкіндіктерін анықтау қажет.

Талдау үдерісінде ағымдағы жылдағы өнімдердің мөлшері туралы нақты мәліметтерді жоспарлы, откен жылдар мәліметтерімен салыстыру керек. Бұл жалпы жер қоры, ауылшаруашылығы жері және өнім түрлері мөлшерінде өзгерістерді анықтауға көмектеседі.

Жер өнімдері мөлшерінде өзгерістерді зерделей отырып, олардың өз-өзінен болып жатпағанын атап өту керек, яғни жерді пайдалануды жақсарту бойынша шаралардың орындалу нәтижесінде болғаны белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін көбейту мүмкіндіктерін мамандармен бірге қандай да бір шаралардың тиімділігін белгілей отырып, анықтауға ерекше назар аудару керек. Мысалы, өнімдердің бір түрін екінші түрге ауыстыру бойынша шаралардың дұрыстығын анықтаған кезде 1 гектарға азықтандыру бірлігі шығымы, еңбек шығындары, азықтандыру бірлігінің өзіндік құны, ондағы қоректендіретін заттардың бар болуы туралы мәліметтерді пайдалану қажет.

Тәжірибеде азықтандыру өнімдерін жақсарту бойынша шаралар жерлерді егістікке ауыстыруға қарағанда қосымша өнім өндіруді аз шығынмен қамтамасыз ететіні кездеседі. Табиғи азықтандыру өнімдерін егістікке ауыстыру дұрыстығын анықтай отырып, өнімнің табыстылығы мен өзіндік құны туралы 1 жылдық емес, орташа 3-5 жылдағы мәліметтерді пайдалану қажет.

Жер өнімдері мөлшерінің өзгерістеріне байланысты оларды трансформациялауда жер қорының құрылымында едәуір өзгерістер болады, яғни өнімнің бір түрінің үлесі көбейіп, ал басқа түрінің үлесі азаяды.

Аударатын жерлер интенсивті қолданылады және көбірек өнім береді, одан кейін жақсартылған сенокостар, жайылымдар, сосын табиғи жайылымдар мен жерлер. Сондықтан шаруашылықта жерді пайдалану интенсивтілігі деңгейін бағалау үшін

динамикада ауылшаруашылығы мақсатындағы жердің жалпы ауданындағы өнімдердің әр түрінің үлес салмағы көрсеткіштерін, сонымен бірге алдыңғы шаруашылықтың және де аудан бойынша орташа мәліметтермен салыстырмалы түрде қарастыру қажет.

Ары қарай шаруашылықтың нақты жағдайына байланысты егістік ауданын өнімнің өнімділігі жоғары түрі ретінде жоғарлату үшін қандай шаралар жүргізу қажеттігін анықтаған дұрыс. Бұл артық ішкі жолдарды және жол жетіндегі сызықтарды жырту, жерлерді бұталардан тазарту, құрылыстарды оңтайлы орналастыру және т.с.с болуы мүмкін.

Жер қорындағы өзгерістерді белгілей отырып, осы фактордың өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру көлеміне және басқа экономикалық көрсеткіштерге әсерін анықтау қажет.

Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалау үшін жиынтық, жеке және көмекші көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Жиынтық көрсеткіштерге жатады:

- өндірілген өнім құны
- 100 га ауылшаруашылығы өнімдеріне келетін азықтық бірліктер шығымы;
- 100 га ауылшаруашылығы өнімдеріне келетін пайда мөлшері.

Жеке көрсеткіштер болып табылады:

- дақылдардың табыстылығы;
- 1 га жеке өнімнен азықтық бірлігінде шығатын өнім;
- 100 га салыстырмалы ауылшаруашылығы өніміне сүт, ет өндірісі көлемі.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі.- ҚР 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Кодексі (өзгертулермен және толықтырулармен)
2. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятий АПК: Учебник.-М.: Инфра-М, 2012
3. Чувев И.Н. Комплексный экономический анализ финансово-хозяйственной деятельности: учебник для вузов.-М.: Дашков и К., 2013

Салыстырмалы ауданды өнімнің әрбір түрінің ауданын топырақ балына көбейтіп, алынған нәтижені 100-ге бөлумен анықтайды.

Жерді пайдалану тиімділігін анықтаушы көмекші көрсеткіштерге өнімнің өзіндік құны, қор қайтарымдылығы, қор сиымдылығы, еңбек сиымдылығы, сонымен бірге шығындар ақталымдылығы жатады. Шығын ақталымдылығы 1 гектардан алынған өнімнің құнын 1 гектарға орташа шығын мөлшеріне бөлумен есептейді.

Талдау үдерісінде аталған көрсеткіштер динамикасы, олардың деңгейі бойынша жоспардың орындалуы зерделенеді, шаруашылық аралық салыстырмалы талдау жүргізіледі. Содан кейін жер ресурстарын пайдалану тиімділігі факторлары мен резервтері анықталады.

Мелиоративтік шаралар және оларды талдау жыл бойында жүзеге асырылуы тиіс. Онда көктемде демалдыруға қалдырған жерлерден егістік жерлердің мөлшерін кеңейту үшін не істелініп жатыр, соны тексереді; сенокос басталмай тұрып жаңадан қосылған жерлерді бұталардан, тастардан, түптерден тазарту бойынша жұмыстар бақыланады; сонымен бірге күзде аз уақытта мелиоративтік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Жоспардың орындалу барысына әсер ететін, еңбек ресурстарымен, машиналармен, механизмдермен қамтамасыз етілу, әкпен және минералды тыңайтқыштармен қамтамасыздандыру себептері анықталады. Жыл соңында барлық бөлімдер бойынша жоспардың орындалуы талданады, келесі жылға жобалар мен сметалар құрастырылады, мердігерлермен келісім жасалынады.